

_____Малишева А.Т.
25 қаңтар 2016 ж.

**«Shakhmardan Yessenov Foundation» ғылыми-білім беру қорының
«АҚШ-тың ІТ стартаптарындағы тағылымдама» бағдарламасы туралы ереже**

I Жалпы ереже

1.1. Бұдан әрі Қор деп аталатын «Shakhmardan Yessenov Foundation» ғылыми-білім беру қорының «АҚШ инновациялық стартаптарындағы тағылымдама» бағдарламасы (бұдан әрі Бағдарлама) ақпараттық технология саласында студенттердің оқу, ғылыми, қоғамдық қызметте ынталандыруға және студенттер мен мамандардың жоғарыда көрсетілген салаларда кәсіби машықтарын дамытуға, сонымен қатар қазақстандық стартаптарды қолдауға бағытталған.

1.2. Бағдарлама мақсаты – Қазақстан Республикасында ақпараттық технологияларды үздік қазақстандық мамандарды қолдау және қазіргі қоғам талап ететін біліктіліктерді дамыту арқылы дамытуға көмектесу.

1.3. Ережедегі «демеушілік көмек» терминінің мағынасы келесі жылдың шілде айынан желтоқсан айы аралығында бағдарлама қатысушысына 6 (алты) ай көлемінде төленетін, мөлшері жеке тұрғыда анықталатын ақшалай төлем табылады. Байқауға қатысушылар қатарынан Байқаудың жеңімпазы ретінде тек 5 (бес) стипендиат іріктеліп алынады.

1.4. Жеңімпаздар ашық байқау негізінде іріктелініп алынады. Байқау жылына бір рет өткізіледі.

II Бағдарлама қатысушыларына қойылатын талаптар

2.1. Бағдарламаға ҚР-ның азаматтары, ақпараттық технологияларға қатысы бар мамандықтар бойынша оқитын бакалавриаттың және магистратураның студенттері мен осы салада еңбек етіп жатқан мамандар қатыса алады.

2.2. Ізденушілердің интеллектуалдық әлеуеті жоғары, кәсіби машықтарының шоғыры кең, өздері нәтижеге талпынған, мақсатты, бейімделу қабілеті жоғары болулары керек.

2.3. Ізденуші белсенді кәсіби, ғылыми, қоғамдық қызметін, әрі кәсіби машықтарының төменде көрсетілген талаптарға сәйкестігін мәлімдеп, құжат негізінде растауы қажет.

Талаптар:

- Front end developer (or full stack)

Required knowledge: CSS, Javascript. Knowledge in any of the major backend languages.

- Back end developer (or full stack)

Required knowledge: proficiency in one or more of the following languages/technologies: Python, Php, C#, Java, Ruby, NodeJS.

- System level programmer

Required knowledge: C/C++, WinAPI/Linux kernel. 2+ years work experience

- Data scientist

Required knowledge: Python, MATLAB/Octave/R. Strong math background - MS (PhD preferred) in CS or other tech discipline. Knowledge of machine learning frameworks.

- Mobile developer

Required knowledge: Objective-C/Java/C#, Cocoa/Unity, SQL/SQLite. Having complete products is strongly preferred.

- Database engineer

Required knowledge: SQL and NoSQL(Oracle/MongoDB), Distributed computing (Hadoop)

Жалпы талаптар:

- English upper intermediate (7.0 IELTS or 100 TOEFL ibt or other way to show fluency)
- Bachelor of Science in CS or other tech discipline (math, physics, engineering).
- Knowledge of source control (git/svn/...), command line/ssh, testing, developer methodologies (Agile/spiral/...), cloud familiarity (AWS/Azure/...).
- Work experience 1+ years

III Демеушілік көмекті беру тәртібі

3.1. Демеушілік көмек 2.3. тармағында көрсетілген кәсіби машықтары бар үздік қатысушылар тарапынан іріктеліп алынған 5 (бес) адамнан көп емес жеңімпазға беріледі. Жеңімпазды анықтау барысында келесі ққрийтерилер ескерілетін болады:

- а) жоғары интеллектуалдық әлеует;
- б) ғылыми техникалық конференцияларға белсенді қатысу;
- в) қоғамдық өмірге белсенді қатысу;
- г) жеке кәсіби машықтарды дамытуға деген үнемі талпыныс.

3.2. Байқауды өткізу үшін Байқаудың үш туры нәтижесінде іріктеу жүргізетін Сарапшылар комиссиясы құрылады. Сарапшылар комиссияның шешімі қарастырылуға Қамқоршылар кеңесіне жіберіледі.

3.3. Сарапшылар кеңесінің шешімі Бағдарлама жеңімпаздарының есімі ресми түрде расталған қордың бұйрығымен бекітілетін болады.

3.4. Бағдарламаның байқауына қатысу үшін ізденушілерден келесі құжаттар талап етіледі:

- Толтырылған сұраным, түйіндеме, жеке куәліктің көшірмесі, ынталандыру хаты, кепілдемелік хат;
- IT саласында жетістіктеріңізді көрсететін толыққанды портфолио;
- Қосымша курстардан өткендігі туралы сертификаттар.

3.5. Бағдарламаның байқауына қатысуға ниет білдірген ізденушілер құжаттардың жиынтығын 2016 жылғы 01 ақпаннан 31 наурызға дейін жіберулері қажет. Байқаудың ашылғандығы туралы хабарландыру қор сайтында yessenovfoundation.org, және әлеуметтік желілерде жарияланатын болады.

3.6. Байқауға құжаттарды тапсыру арқылы ізденуші байқау мақсаттарын бөлісетіндігін және көрсетілген байқауды өткізу бойынша барлық шарттармен келісетіндігін және оларды толығымен орындайтындығын осы ережеде растайды.

3.7. Барлық өтінімдер Қордың info@yessenovfoundation.org электрондық мекенжайына жіберілуі тиіс.

3.8. Өтінімдер қор қызметкерімен тіркеледі және әрбір қатысушыға жеке тіркеу нөмірі беріледі. Құжаттар жиынтығының толықтығы мен ізденушінің ресми талаптарға сай екендігі анықталған соң байқауға қатысуға рұқсат/рұқсат еместігі жөнінде шешім қабылданады. Шешімнің нәтижесі тек өтінімде көрсетілген электрондық мекенжайға жіберіледі. Бағдарламаның тілі орыс тілі болып саналады.

IV Байқаудың іріктеу кезеңдері

4.1. Байқау нәтижесінде үздік үміткерлер іріктеліп алынып тұратын 3 (үш) кезеңнен тұрады.

4.2. Бірінші түр – 2016 жылғы 31 наурыз бен 10 сәуір аралығында өткізіледі.

Уақытылы келіп түскен өтінімдер рецензияланып, бес балдық жүйе негізінде тәуелсіз сарапшылармен келесі критерийлер бойынша сырттай бағаланады:

- жоғары академиялық әлеуеті (оның ішінде белгіленген саладағы қызығушылықтағы эрудиция, тәсілдемелер жаңалығы, жақсы академиялық нәтижелер)
- мамандыққа қатысты жарияланымның болуы

- ағылшын, қазақ, орыс тілдерін білуі
- студенттік өмірде белсенділік
- еріктілік (волонтерлік) тәжірибенің болуы
- т.б.

Бірінші түр нәтижесі өтінім берушіге электрондық пошта арқылы хабарланатын болады. Екінші түрға өткен үміткерлердің тізімі Қор сайтына жарияланады. Алғашқы түр нәтижесінде 20 қатысушы іріктелініп алынады.

4.3. Екінші түр – 2016 жылғы 11-21 сәуір аралығында өтеді:

Екінші түр қатысушыларына онлайн тесттен өту үшін сілтеме жіберілетін болады. Осы кезең барысында қатысушылардың келесі қасиеттері бағаланатын болады:

- Психологиялық ерекшелігі;
- Зердесінің (интеллект) деңгейі;
- Жаңғырту қабілеті.

Екінші түр нәтижесінде 10 қатысушы іріктелініп алынады.

4.4. Үшінші түр:

Үшінші кезеңге өткен үміткерлер сарапшылар тобымен бетпе-бет, не онлайн түрде өтетін сұхбаттасуға шақырылатын болады. Сұхбаттасу барысында тәуелсіз сарапшылар және психологтар бес балдық жүйе бойынша үміткердің келесі қасиеттерін бағалайтын болады:

- Кәсіби машықтары;
- Оқуға бейімділігі мен жаңа ақпаратты қабылдай және сараптай алу қабілеті;
- Жаңа жағдайға бейімделу және ерекше шешім таба білу қабілеті;
- коммуникативтілік;
- көшбасшылық машықтары;
- топта жұмыс істей алу қабілеті;
- міндеттерді қою барысында нақтылық және дәлелділік;
- ұйымдастырушылық қабілеті;
- патриоттық.

Үшінші түр нәтижесінде 5 жеңімпаз іріктелініп алынады.

4.5. Байқаудың жеңімпаздарының тізімі Қор сайтында жарияланатын болады.

V Демеушілік көмекті алу және төлемдерді жасау тәртібі

5.1. Байқаулық іріктеу нәтижесінде Қор жеңімпаздарға Кремни алқабында әлуетті тұрғыда сәтті стартаптарды іздеуге көмектеседі. Стартап тарапынан Бағдарлама жеңімпазына деген қызығушылық туындаған жағдайда, Қор жеңімпаз бен аталмыш стартап арасында келісімшарт жасау үшін заңнамалық қолдау көрсететіндігіне кепілдік береді. Аталмыш келісімшарт шарты бойынша жеңімпаз АҚШ территориясында стартаптан 6 ай бойы сынақ ісінен өтеді және сыйақыны осы компанияның акциясының үлесі есебінен алады.

5.2. Бағдарлама жеңімпазы стартапқа қатысуға шақыру алған жағдайда, Қор және жеңімпаз арасында демеушілік көмек туралы келісімшарт жасалады. Келісімшарт негізінде Қор 6 бойғы панажай мен тамақтануға кеткен шығынды, сонымен қатар жұмыс визасы, екі жаққа ұшу (Қазақстан АҚШ Қазақстан) шығындарын өтейді. Сонымен қатар, келісімшарт Қор мен жеңімпаз арасында қолжеткізілген өзге де келісімдерден тұруы мүмкін.

5.3. Демеушілік көмек бағдарлама жеңімпазының банктік шотына бірден аударылатын болады.

5.4. Қор қосымша келісімшарт арқылы өзге де артықшылықтар ұсынуы мүмкін, оның ішінде онлайн курстарды оқу, конференцияларға, іскерлік кездесулерге қатысу сияқты және т.б.